

**Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 59-364/VI "Сайрам ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 26-195/VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 31 наурызда № 6673-13 болып тіркелді

Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 59-364/VI "Сайрам ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №5857 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*III. Халмурадов*

"Сайрам аудандық маслихаты"

2025 жылғы 27 наурыздағы

№ 26-195/VIII шешімінде

1 қосымша

Сайрам аудандық мәслихатының

2020 жылғы 9 қазандагы

№59-364/VI шешімінің

1 қосымшасы

**Сайрам ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері**

Казақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама, Казақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылышы мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске қосылған "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін Сайрам ауданында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері:

1. Қарыз сомасынан 10%, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес;

2. Қарыз сомасынан 10%, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес;

Тұрғын үй сертификатының сомасы әрбір алушы үшін 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын біріңгай мөлшерде айқындалады.

"Сайрам аудандық маслихаты"

2025 жылғы 27 наурыздагы

№ 26-195/VIII шешіміне

2 қосымша

Сайрам аудандық мәслихатының

2020 жылғы 9 қазандагы

№59-364/VI шешімінің

2 қосымшасы

## **Сайрам ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі**

1. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 68-бабында айқындалған халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын санаттары;

2. "Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы №161 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32546 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесінің нәтижелері (саулама нәтижелері негізінде кадрларға қажеттілік болжамы) негізінде денсаулық сактау, білім беру, мәдениет және спорт салаларында еңбек қызметін жүзеге асыратын сұранысқа ие мамандар, мемлекеттік қызметшілер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК